

ISSN(Print) 2616-7034
ISSN(Online) 2663-130X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov Eurasian
National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР сериясы

BIOSCIENCE Series

Серия **БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы:
ҚР ҰҒА академигі, б.ғ.д, профессор
Р.І. Берсімбай (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары: **Р.Т. Омаров**, PhD, б.ғ.к.,
профессор (Қазақстан)

Редакция алқасы

Абжалелов А.Б.	б.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Акильжанова А.Р.	PhD, м.ғ.д.(Қазақстан)
Алиқұлов З.А.	б.ғ.к., проф. (Қазақстан)
Антипов А.Н.	б.ғ.к. (Ресей)
Аскарова Ш.Н.	б.ғ.к., PhD (Қазақстан)
Ау У.	PhD, проф. (АҚШ)
Бисенбаев А.К.	б.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Высоцкая Л.В.	б.ғ.д., проф. (Ресей)
Закиян С.М.	б.ғ.д., проф. (Ресей)
Изотти А.	PhD, проф. (Италия)
Ильдербаев О.З.	м.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Константинов Ю.М.	б.ғ.д., проф. (Ресей)
Кухар Е.В.	б.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Масалимов Ж.К.	PhD, б.ғ.к. (Қазақстан)
Моше Саги	PhD, проф. (Израиль)
Сарбасов Д.Д.	PhD, проф. (АҚШ)
Стегний В.Н.	б.ғ.д., проф. (Ресей)
Шустов А.В.	PhD, б.ғ.к. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 349 б.
Тел: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-428). E-mail: eurjourbio@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген:
А. Нұрболат

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
БИОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК
Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018ж тіркелген.
№16998-Ж тіркеу күәлігі. Тиражы: 25 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі ,12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-428)

Editor-in-Chief

Academician of NAS RK, Doctor of Biological Sciences, Prof.
R.I. Bersimbaev: (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief:

R.T. Omarov, Prof., Candidate of Biological Sciences, PhD (Kazakhstan)

Editorial board

Abzhalelov A.B.	Doctor of Biological Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Akilzhanova A.R.	PhD, Doctor of Medical Sciences (Kazakhstan)
Alikulov Z.A.	Prof., Can. of Biological Sciences (Kazakhstan)
Antipov A.N.	Can. of Biological Sciences (Russia)
Askarova Sh.N.	PhD, Can. of Biological Sciences (Kazakhstan)
Au W.	PhD, Prof. (USA)
Bisenbayev A.K.	Doctor of Biological Sciences, Prof, Academician of NAS RK, (Kazakhstan)
Ilderbayev O.Z.	Doctor of Medical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Izzotti A.	PhD, Prof. (Italy)
Konstantinov Yu. M.	Doctor of Biological Sciences, Prof. (Russia)
Kukhar E.V.	Ass. Prof. Doctor of Biological Sciences (Kazakhstan)
Massalimov Zh.K.	PhD, Can. of Biological Sciences (Kazakhstan)
Moshe Sagi	PhD, Prof. (Israel)
Shustov A.V.	PhD, Can. of Biological Sciences (Kazakhstan)
Stegniy V.N.	Doctor of Biological Sciences, Prof. (Russia)
Sarbasov D.D.	PhD, Prof. (USA)
Vycotskaya L.V.	Doctor of Biological Sciences, Prof. (Russia)
Zakiyan S.M.	Doctor of Biological Sciences, Prof. (Russia)

2, Satpayev str., of. 349, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7 (7172) 709-500 (ext. 31-428), E-mail: eurjourbio@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:
A.Nurbolat

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. BIOSCIENCE Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct "L.N. Gumilyov Eurasian National University" Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Periodicity: 4 times a year

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate №16998-ЖК from 27.03.2018. Circulation: 25 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008;

tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-428)

Главный редактор:
профессор, д.б.н., академик НАН РК
Р.И. Берсимбай (Казахстан)

Зам. главного редактора: **Р.Т. Омаров**, PhD, к.б.н.,
профессор (Казахстан)

Редакционная коллегия

Абжалелов А.Б.	д.б.н., проф. (Казахстан)
Акильжанова А.Р.	PhD, д.м.н. (Казахстан)
Аликулов З.А.	к.б.н., проф. (Казахстан)
Антипов А.Н.	к.б.н. (Россия)
Аскарлова Ш.Н.	к.б.н., PhD (Казахстан)
Ау У.	PhD, проф. (США)
Бисенбаев А.К.	д.б.н., проф., академик НАН РК (Казахстан)
Высоцкая Л.В.	д.б.н., проф. (Россия)
Закиян С.М.	д.б.н., проф. (Россия)
Изотти А.	PhD, проф. (Италия)
Ильдербаев О.З.	д.м.н., проф. (Казахстан)
Константинов Ю.М.	д.б.н., проф. (Россия)
Кухар Е.В.	д.б.н., доцент (Казахстан)
Масалимов Ж.К.	PhD, к.б.н. (Казахстан)
Моше Саги	PhD, проф. (Израиль)
Сарбасов Д.Д.	PhD, проф. (США)
Стегний В.Н.	д.б.н., проф. (Россия)
Шустов А.В.	PhD, к.б.н. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский
национальный университет имени Л.Н. Гумилева, каб. 349
Тел: +7(7172) 709-500 (вн. 31-428). E-mail: eurjourbio@enu.kz.

Ответственный секретарь, компьютерная верстка:
А. Нурболат

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.
Серия БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Собственник: РГП на ПХВ "Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева" МОН РК

Периодичность: 4 раза в год

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство №16998-Ж от 27.03.2018г.

Тираж: 25 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-428)

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ. БИОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ

2(127)/2019

МАЗМҰНЫ

<i>Аленова А.А., Ильдербаев О.З.</i> Радиацияның кейінгі мерзімдегі әсерінен антиоксиданты жүйедегі өзгерістер	8
<i>Овэс Е.В., Аникина И.Н., Гаитова Н.А., Кайниденов Н.Н., Сейтжанова Д.Д.</i> In vitro өсімдік көбейту процесінде картоп сорттарының пісу тобының әсері	17
<i>Ромаданова Н.В., Эшбакова К.А., Караиолакова Л.Н., Махмұтова И.А., Абиджұлова К.Т., Кушнарченко С.В.</i> <i>Berberis iliensis</i> және <i>Berberis integerrima</i> жемістері экстрактілерін сапалық және сандық құрамын зерттеу, генетикалық материалды криобанкте сақтау	22
<i>Тагаев Д.А., Шахина Б.А.</i> Шығыс Қазақстандағы Ертіс өзенінің <i>Rhoxinus rhoxinus</i> (Linnaeus, 1758) кәдімгі гольяның морфологиясына талдау	37
<i>Конжабаева А.Е., Муханова Ш.А., Тыжежанова Г.М., Нугуманова Ш.М.</i> Мыс қосылыстарының ми ұлпасына артық немесе жеткіліксіз түскен кездегі неврологиялық бұзылулардағы рөлі	43
<i>Утарбаева Н.А., Аманова Р.П., Қалиева А.Қ., Бисалыева Р.Н.</i> Ағаш тозаңдарының көлемі мен фертильділігі арасындағы корреляциялық байланыс	53
<i>Улекешова Г., Динмухамедова А.С.</i> Мұғалімдердің морфофункционалды және психофизиологиялық көрсеткіштері	58

CONTENTS

<i>Alenova A.A., Ilderbayev O.Z.</i> Changes in the antioxidant system under the action of radiation in the long term period	8
<i>Oves E.V., Anikina I.N., Gaitova N.A., Kainidenov N.N., Seitzhanova D.D.</i> The influence of the group of maturity of potato varieties in the process of replication of plants in vitro	17
<i>Romadanova N.V., Eshbakova K.A., Karasholakova L.N., Machmutova I.A., Abidkulova K.T., Kushnarenko S.V.</i> Study of quality and quantitative composition of <i>Berberis iliensis</i> and <i>Berberis integerrima</i> fruits extracts, preservation of the genetic material in cryobank	22
<i>Tagayev D.A., Shakhina B.A.</i> On morphology of the Eurasian minnow <i>Phoxinus phoxinus</i> (Linnaeus, 1758) from the Irtys River in East Kazakhstan	37
<i>Konkabaeva A.E., Mukhanova Sh.A., Tykezhanova G.M., Nugumanova Sh.M.</i> The role of copper compounds in neurological disorders due to their excessive or insufficient supply to the brain tissue	43
<i>Utarbayeva N.A., Amanova R.P., Kaliyeva A.K., Bisalyeva R.N.</i> Correlation between pollen fertility of woody plants	53
<i>Ulekeshova G., Dinmukhamedova A.S.</i> Morphofunctional and psycho-physiological indicators of teachers	58

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Аленова А.А., Ильдербаев О.З.</i> Изменения в антиоксидантной системе при действии радиации в отдаленном периоде	8
<i>Овэс Е.В., Аникина И.Н., Гаитова Н.А., Кайниденов Н.Н., Сейтжанова Д.Д.</i> Влияние группы спелости сортов картофеля в процессе тиражирования растений <i>in vitro</i>	17
<i>Ромаданова Н.В., Эшбакова К.А., Караиолакова Л.Н., Махмутова И.А., Абидкулова К.Т., Кушнарченко С.В.</i> Исследование качественного и количественного состава экстрактов мякоти плодов <i>berberis iliensis</i> и <i>berberis integerrima</i> , сохранение генетического материала в криобанке	22
<i>Тагаев Д.А., Шахина Б.А.</i> К морфологии обыкновенного гольяна <i>Phoxinus phoxinus</i> (Linnaeus, 1758) из р. Иртыш в Восточном Казахстане	37
<i>Конжабаева А.Е., Муханова Ш.А., Тыжежанова Г.М., Нугуманова Ш.М.</i> Роль соединений меди в неврологических нарушениях при избыточном или недостаточном поступлении в мозговую ткань	43
<i>Утарбаева Н.А., Аманова Р.П., Қалиева А.Қ., Бисалыева Р.Н.</i> Корреляция между размерами пыльцы и фертильности древесных растений	53
<i>Улекешова Г., Динмухамедова А.С.</i> Морфофункциональные и психофизиологические показатели учителей	58

БИОЛОГИЯ



МРНТИ 34.03.99

А.А. Аленова, О.З. Ильдербаев

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: oiz5@yandex.ru)*

Радиацияның кейінгі мерзімдегі әсерінен антиоксиданты жүйедегі өзгерістер

Аңдатпа: Сублеталды дозадағы гамма-сәуленің кейінгі мерзімі әсерінде туындайтын иммунокомпетентті ағзалар мен жасушалардағы антиоксиданттық жүйесіндегі өзгерістерді зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты болды. Зерттеу жұмысы 4 топқа бөлінген 40 егеуқұйрықтарға жасалды: I топ - интактілі, II топ – сәулеленуден 7 күн өткен соң зерттеу, III топ – сәулеленуден 30 күн өткен соң зерттеу және IV топ – сәулеленуден 90 күн өткен соң зерттеу. Жоғары дозалы γ -сәуле әсерінің 7-і және 30-ы күндерінде жануарлардың зерттеуге алынған ағзаларында антиоксидантты ферменттері белсенділігі күрт төмендегені тіркелсе, ал, 90-ы күнінде, яғни, сәуле әсерінің кейінгі мерзімінде әсіресе каталаза ферменті белсенділігінің тежелуі сақталғаны анықталды.

Түйін сөздер: кейінгі мерзім, сублеталды доза, антиоксидантты жүйе, иондаушы сәуле.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7034-2019-127-2-8-16>

Кіріспе. Иондаушы сәулеленудің деструктивті әсерінің негізі, бос тізбекті радикалды реакциялар липидтердің асқын тотығуымен бірге жүруі болып табылады. Тотығу-тотықсыздану реакцияларын оңтайландырудың автотұрақты жүйе шарттарынаағзаның антиоксидантты жүйесі маңызды рөл атқарады, оның жағдайын көбінесе радиотөзімділік анықтайды. Табиғи тканьді антиоксиданттар еркін радикалдарды және басқа да алғашқы радиолиз өнімдерін бұғаттау арқылы тірі ағзаларды табиғи фоннан және иондаушы радиацияның төмен дозасынан қорғауға қабілетті [1].

Енуші радиацияның жоғары дозалары кезінде тіндердегі табиғи антиоксиданттардың деңгейі бос радикалдардың өсу санын инактивациялау үшін жеткіліксіз болып табылады. Сәулеленген ағзада жинақталатын бос радикалдар сәулемен зақымдану кезінде дамитын токсиндік әсерді тудырады [2]. Иондаушы радиация, сондай-ақ асқын тотығу да, алмасу процестері ретінде – тірі жүйелерге әсер ететін биологиялық маңызды феномендер. Олардың өзара байланысы жасушаның, ағзаның сәулелік зақымдану процесінің мәнін құрап, тірі жүйенің сәулелік әсерге реакциясының көптеген механизмдерінің негізінде жатыр.

Липидтердің асқын тотығы реакциясы белсенуі антиоксидантты жүйенің күшеюін ынталандырушы болып табылады [3]. Прооксиданттар мен антиоксидантты заттар арасындағы баланс қатаң реттеледі және олардың жасушалық пен биохимиялық функцияларын қамтамасыз етуде маңыздылығы жоғары [4].

Ферментативті антиоксидантты заттардың ерекшелігі жоғары заттар қатарына жатады. H_2O_2 суға және оттегіге дейін жылдам бейтараптайтын екінші фермент каталаза саналады. Жоғары белсенділігі ұзақ уақыт сақталатын жасуша ішілік фермент болып табылады, ал жасуша сыртындағы сұйықтықта өзінің белсенділігін тез жоғалтады. Тотығу стресі кезінде каталаза ферменті сутегінің асқын тотығын ыдыратуда басты ролді атқарады [5].

Сонымен, жоғарыда келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып, сублеталды дозадағы гамма-сәуленің түрлі мерзімі аясында туындайтын иммуногенез ағзаларындағы антиоксиданттық жүйесіндегі өзгерістерді зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты болды.

Зерттеу материалдары және әдістері: 4 сериядан тұратын егеуқұйрықтарға эксперимент жүргізілді: I топ – бақылау тобы (n=10), II топ – радиация әсерінің 7-ші күнінде зерттелген тәжірибелік топ (n=10), III топ – радиация әсерінің 30-шы күні (n=10) және IV топ – радиация әсерінің 90-шы күні (n=10). Жануарларды тәжірибелі сәулелендіру үшін алдын ала қажетті параметрлерді алу жағдайында топометриялық-дозиметриялық дайындық жүргізілді, кейін Чехиялық «Teagam» радиотерапевтік қондырғысымен тәжірибе сериясына сай межелі уақытта 6 Гр дозада сәуле берілді. Көзі ретінде Co^{60} радиобелсенді элементі қолданылды.

Барлық жануарларда антиоксидантты жүйенің глутатионредуктаза (ГлР) және глутатионпероксидаза (ГлП), каталаза (КТ) ферменттер белсенділігін шеткі қан лимфадиттерінде және бауыр, көкбауыр, шажырқай лимфа түйіндерінде, бүйрек үсті безі, айырша безі гомогенатында анықтадық. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өтіп, ерекшеліктері t-Стюдент критерийімен бағаланды.

Нәтижелер және талдау: Зерттеу нәтижелері бойынша (кесте 1), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде (II топ) жануарлардың бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $24,24 \pm 2,01$ -ден $14,98 \pm 1,03$ -ке дейін немесе $38,20\%$ -ға ($p < 0,01$) тежелгені анықталды. Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $9,26$ құрады. Осы бауыр ағзасындағы каталаза белсенділігіне келетін болсақ, оның белсенділігі I топпен салыстырғанда $75,35 \pm 6,14$ -тен $50,45 \pm 4,37$ -ге дейін немесе $33,04\%$ -ға ($p < 0,05$) тежелгендігі анықталды.

Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $24,9$ құрады. Ал, антиоксидантты жүйедегі келесі маңызды ферменттің бірі глутатионпероксидазаға келетін болсақ, белсенділігінде нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені тіркелді: ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $166,13 \pm 14,47$ -ден $145,58 \pm 12,07$ -ге дейін немесе $12,36\%$ -ға тежелгендігі анықталды ($p > 0,05$). Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $20,55$ құрады.

Зерттеуге түскен келесі ағза көкбауыр гомогенатында антиоксидантты жүйе ферменттерінің белсенділігін I топпен салыстырғанда келесі сандық және пайыздық айырмашылықтар анықталды (кесте 1). Глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $36,13 \pm 3,13$ -тен $20,46 \pm 1,67$ -ге дейін немесе $43,37\%$ -ға тежелгендігі анықталды. Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $15,67$ құрады. Зерттеуге түскен келесі фермент глутатионпероксидаза көкбауыр ағзасы гомогенатында белсенділігін I топпен салыстырғанда ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $256,35 \pm 21,12$ -ден $163,33 \pm 11,23$ -ке дейін немесе $36,28\%$ -ға тежелгендігі анықталды ($p < 0,05$).

Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $93,02$ құрады. Зерттеуге түскен келесі фермент каталаза көкбауыр ағзасы гомогенатында белсенділігін I топпен салыстырғанда ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $60,16 \pm 4,77$ -ден $26,46 \pm 2,24$ -ке дейін немесе $56,02\%$ -ға тежелгендігі анықталды ($p < 0,001$), яғни радиацияның жоғары дозада антиоксидантты жүйенің қызметін әлсіреткені байқалды. Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда $33,7$ құрады.

Жоғары дозалы гамма радиацияның шажырқай лимфа түйіндері гомогенатында антиоксидантты жүйеге тежегішті әсерін көрсеткендігі анықталды (кесте 1), яғни глутатионредуктаза ферменті бойынша сараптамаға келсек, бұл ферменттің белсенділігі $26,09 \pm 2,14$ -тен $18,37 \pm 1,28$ -ге дейін немесе $29,58\%$ -ға нақты тежелгендігі анықталды ($p < 0,05$). Шажырқай лимфа түйініндегі антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты

топта фермент белсенділігі $51,24 \pm 4,26$ болса, тәжірибелік II топта $32,58 \pm 2,36$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $36,42$ %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Шажырқай лимфа түйініндегі келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $223,28 \pm 19,13$ болса, тәжірибелік II топта $191,13 \pm 16,22$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $14,39$ %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$).

Зерттеу нәтижелері бойынша (кесте 1), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде айырша безі гомогенатында шажырқай лимфа түйіндері гомогенатындағы сияқты тежегішті әсері болғаны анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $30,24 \pm 2,54$ болса, тәжірибелік II топта $22,35 \pm 1,64$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $26,09$ %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Айырша безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $54,46 \pm 4,05$ болса, тәжірибелік II топта $26,07 \pm 2,32$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $52,13$ %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,001$). Айырша безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $117,68 \pm 8,57$ болса, тәжірибелік II топта $98,90 \pm 8,65$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $15,95$ %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде (кесте 1) бүйрек үсті безі гомогенатында нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $23,13 \pm 1,89$ болса, тәжірибелік II топта $19,97 \pm 1,57$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $13,66$ %-ға тежелуі жүрген ($p > 0,05$). Бүйрек үсті безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $62,36 \pm 5,24$ болса, тәжірибелік II топта $51,89 \pm 4,65$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $16,78$ %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Бүйрек үсті безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $167,45 \pm 11,33$ болса, тәжірибелік II топта $139,81 \pm 10,24$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $16,51$ %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 1), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде зерттеуге түскен келесі нысана шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйе ферменттерінің белсенділігін I топпен салыстырғанда келесі мәліметтер анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $9,31 \pm 0,83$ болса, тәжірибелік II топта $3,17 \pm 0,26$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $65,95$ %-ға нақты тежелуі жүрген ($p < 0,001$). Шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $90,13 \pm 8,34$ болса, тәжірибелік II топта $80,18 \pm 7,06$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $11,04$ %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Шеткі қан лимфоциттеріндегі келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $431,82 \pm 37,23$ болса, тәжірибелік II топта $322,92 \pm 27,23$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі $25,21$ %-ға тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$).

	Зерттеу нысаны	Бақылау тобы (I топ)	Тәжірибе тобы (II топ)
ГлР	Бауыр	24,24±2,01	14,98±1,03 **
	Көкбауыр	36,13±3,13	20,46±1,67 **
	Л/түйіндер	26,09±2,14	18,37±1,28 *
	Айырша без	30,24±2,54	22,35±1,64 *
	Бүйрекүсті без	23,13±1,89	19,97±1,57
	Лимфоцит	9,31±0,83	3,17±0,26 ***
ГлП	Бауыр	166,13±14,47	145,58±12,07
	Көкбауыр	256,35±21,12	163,33±11,23 *
	Л/түйіндер	223,28±19,13	191,13±16,22
	Айырша без	117,68±8,57	98,90±8,65
	Бүйрекүсті без	167,45±11,33	139,81±10,24
	Лимфоцит	431,82±37,23	322,92±27,23 *
КТ	Бауыр	75,35±6,14	50,45±4,37 *
	Көкбауыр	60,16±4,77	26,46±2,24 ***
	Л/түйіндер	51,24±4,26	32,58±2,36 *
	Айырша без	54,46±4,05	26,07±2,32 ***
	Бүйрекүсті без	62,36±5,24	51,89±4,65
	Лимфоцит	90,13±8,34	80,18±7,06
Ескерту: Бақылау тобымен салыстырудағы айырмашылық нақтылығы: *-p<0,05, ** - p<0,01, *** - p<0,001.			

КЕСТЕ 1 – Антиоксидантты жүйеге гамма-сәуленің жетінші күніндегі ықпалы

Зерттеудің келесі сериясында (III топ), яғни 6 Гр сәулеленудің 30 күніндегі зерттелген нысаналардағы (кесте 2) АОЖ ферменттерінің белсенділігі жұмыстың мақсаты бойынша қарастырылды. Алынған нәтижелердің өзгерістеріне келсек негізінен алғанда 30 күнінде АОЖ ферменттерінің белсенділігінің тежелгені анықталды. Жануарлардың бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $24,24 \pm 2,01$ -ден $13,23 \pm 1,21$ -ге дейін ($p < 0,01$) немесе 45,42 %-ға тежелгендігі анықталды. Экспериментті III топтағы жануарлардың бауыр гомогенатында глутатионпероксидаза ферменті белсенділігі бірінші топта $166,13 \pm 14,47$ шамасында болса, тәжірибе тобында $137,69 \pm 8,58$ шаманы анықтадық немесе 17,12 %-ға нақты болмаса да ($p > 0,05$) тежелгендігі анықталды. Осы топтағы жануарлардың бауыр ағзасындағы каталаза белсенділігіне келетін болсақ, оның белсенділігі I топпен салыстырғанда $75,35 \pm 6,14$ -тен $46,57 \pm 3,58$ -ге дейін немесе 38,19 %-ға ($p < 0,01$) тежелгендігі анықталды. Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда 28,78 құрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша (кесте 2), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 30-шы күнінде көкбауыр гомогенатында глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $36,13 \pm 3,13$ болса, тәжірибелік III топта $24,38 \pm 2,34$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 32,52 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Экспериментті жануарлардың көкбауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $60,16 \pm 4,77$ болса, тәжірибелік III топта $28,63 \pm 2,46$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 52,41 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,001$). Көкбауыр гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $256,35 \pm 21,12$ болса, тәжірибелік III топта $153,95 \pm 10,34$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 39,95 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,01$).

Жоғары дозалы гамма радиацияның шажырқай лимфа түйіндері гомогенатында антиоксидантты жүйеге тежегішті әсерін көрсеткендігі анықталды (кесте 2), яғни

глутатиопероксидаза ферменті бойынша сараптамаға келсек, бұл ферменттің белсенділігі $223,28 \pm 19,13$ -тен $177,28 \pm 12,16$ -ға дейін немесе 20,60 %-ға нақты тежелгендігі анықталды ($p < 0,05$). Тәжірибедегі (III топ) жануарлардың шажырқай лимфа түйініндегі антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $51,24 \pm 4,26$ болса, тәжірибелік III топта $28,77 \pm 3,25$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 44,28 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,01$). Шажырқай лимфа түйініндегі келесі фермент глутатионредуктазаға келетін болсақ, мынадай шамаларды алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $26,09 \pm 2,14$ болса, тәжірибелік III топта $22,65 \pm 2,04$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 13,19 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 2), 6 Гр γ -сәуле әсерінің 30-шы күнінде айырша безі гомогенатында нақты түрде тежелу үдерісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $30,24 \pm 2,54$ болса, тәжірибелік III топта $22,66 \pm 1,87$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 25,07 %-ға тежелуі жүрген ($p < 0,05$). Осы сериядағы жануарлардың айырша безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $54,46 \pm 4,05$ болса, тәжірибелік III топта $24,38 \pm 2,04$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 55,23 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,001$). Айырша безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $117,68 \pm 8,57$ болса, тәжірибелік III топта $86,33 \pm 5,27$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 26,64 %-ға нақты түрде тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 2), 6 Гр γ -сәуле әсерінің 30-шы күнінде бүйрек үсті безі гомогенатында нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $23,13 \pm 1,89$ болса, тәжірибелік III топта $20,36 \pm 1,75$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 11,97 %-ға тежелуі жүрген ($p > 0,05$). Бүйрек үсті безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $62,36 \pm 5,24$ болса, тәжірибелік III топта $55,76 \pm 5,33$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 10,58 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Ал, бүйрек үсті безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $167,45 \pm 11,33$ болса, тәжірибелік III топта $130,63 \pm 8,55$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 21,99 %-ға нақты түрде тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 2), 6 Гр γ -сәуле әсерінің 30-шы күнінде шеткі қан лимфоциттерінде нақты түрде тежелу үдерісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $9,31 \pm 0,83$ болса, тәжірибелік III топта $6,33 \pm 0,42$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 32,01 %-ға тежелуі жүрген ($p < 0,05$). Осы сериядағы жануарлардың шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $90,13 \pm 8,34$ болса, тәжірибелік III топта $76,46 \pm 6,35$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 15,17 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Шеткі қан лимфоциттеріндегі келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $431,82 \pm 37,23$ болса, тәжірибелік III топта $315,22 \pm 22,18$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 27,0 %-ға нақты түрде тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$).

	Зерттеу нысаны	Бақылау тобы (I топ)	Тәжірибе тобы (III топ)
ГЛР	Бауыр	24,24±2,01	13,23±1,21 **
	Көкбауыр	36,13±3,13	24,38±2,34 *
	Л/түйіндер	26,09±2,14	22,65±2,04
	Айырша без	30,24±2,54	22,66±1,87 *
	Бүйрекүсті без	23,13±1,89	20,36±1,75
	Лимфоцит	9,31±0,83	6,33±0,42 *
ГЛП	Бауыр	166,13±14,47	137,69±8,58
	Көкбауыр	256,35±21,12	153,95±10,34**
	Л/түйіндер	223,28±19,13	177,28±12,16 *
	Айырша без	117,68±8,57	86,33±5,27 *
	Бүйрекүсті без	167,45±11,33	130,63±8,55 *
	Лимфоцит	431,82±37,23	315,22±22,18 *
КТ	Бауыр	75,35±6,14	46,57±3,58 **
	Көкбауыр	60,16±4,77	28,63±2,46 ***
	Л/түйіндер	51,24±4,26	28,77±3,25 **
	Айырша без	54,46±4,05	24,38±2,04 ***
	Бүйрекүсті без	62,36±5,24	55,76±5,33
	Лимфоцит	90,13±8,34	76,46±6,35
Ескерту: Бақылау тобымен салыстырудағы айырмашылық нақтылығы: *-p<0,05, ** - p<0,01, *** - p<0,001.			

Кесте 2 – Антиоксидантты жүйеге гамма-сәуленің отызыншы күніндегі ықпалы

Зерттеудің келесі сериясында (IV топ), яғни 6 Гр сәулеленудің 90 күніндегі зерттелген нысаналардағы (кесте 3) АОЖ ферменттерінің белсенділігі жұмыстың мақсаты бойынша қарастырылды. Алынған нәтижелердің өзгерістеріне келсек негізінен алғанда 90 күнінде АОЖ ферменттері белсенділігінің тежелгені тіркелді. Жануарлардың бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $24,24 \pm 2,01$ -ден $17,18 \pm 1,43$ -ке дейін ($p < 0,05$) немесе 29,13 %-ға тежелгендігі анықталды. Экспериментті IV топтағы жануарлардың бауыр гомогенатында глутатионпероксидаза ферменті белсенділігі бірінші топта $166,13 \pm 14,47$ шамасында болса, тәжірибе тобында $151,32 \pm 11,27$ шаманы анықтадық немесе 8,91 %-ға нақты болмаса да ($p > 0,05$) тежелгендігі анықталды. Осы топтағы жануарлардың бауыр ағзасындағы каталаза белсенділігіне келетін болсақ, оның белсенділігі I топпен салыстырғанда $75,35 \pm 6,14$ -тен $52,58 \pm 3,26$ -ға дейін немесе 30,21 %-ға ($p < 0,05$) тежелгендігі анықталды. Зерттеуде анықталған көрсеткішіміздің шамасын қалыпты топтағымен салыстырғандағы ауытқу шамасы тәжірибелі жануарларда 22,77 құрады. Зерттеу нәтижелері бойынша (кесте 3), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 90-шы күнінде көкбауыр гомогенатында глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $36,13 \pm 3,13$ болса, тәжірибелік IV топта $29,36 \pm 1,31$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 17,35 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Экспериментті жануарлардың көкбауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $60,16 \pm 4,77$ болса, тәжірибелік IV топта $32,52 \pm 2,17$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 45,94 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,001$). Көкбауыр гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $256,35 \pm 21,12$ болса, тәжірибелік IV топта $176,48 \pm 10,64$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 31,16 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Жоғары дозалы гамма радиацияның шажырқай лимфа түйіндері гомогенатында антиоксидантты жүйеге тежегішті әсерін көрсеткендігі анықталды (кесте 3), яғни глутатионпероксидаза ферменті бойынша

сараптамаға келсек, бұл ферменттің белсенділігі $223,28 \pm 19,13$ -тен $198,26 \pm 12,16$ -ға дейін немесе 11,21 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі анықталды ($p > 0,05$). Тәжірибедегі (IV топ) жануарлардың шажырқай лимфа түйініндегі антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $51,24 \pm 4,26$ болса, тәжірибелік IV топта $34,63 \pm 2,54$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 32,42 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Шажырқай лимфа түйініндегі келесі фермент глутатионредуктазаға келетін болсақ, мынадай шамаларды алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $26,09 \pm 2,14$ болса, тәжірибелік IV топта $20,34 \pm 1,87$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 22,04 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 3), 6 Гр γ -сәуле әсерінің 90-шы күнінде айырша безі гомогенатында нақты түрде болмаса да тежелу үдерісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $30,24 \pm 2,54$ болса, тәжірибелік IV топта $26,63 \pm 2,03$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 11,93 %-ға тежелуі жүрген ($p > 0,05$). Осы сериядағы жануарлардың айырша безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $54,46 \pm 4,05$ болса, тәжірибелік IV топта $29,86 \pm 2,24$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 45,17 %-ға нақты тежелгендігі жүрген ($p < 0,001$). Айырша безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $117,68 \pm 8,57$ болса, тәжірибелік IV топта $109,24 \pm 8,37$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 7,17 %-ға нақты түрде болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (кесте 3), 6 Гр γ -сәуле әсерінің 90-шы күнінде бүйрек үсті безі гомогенатында нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $23,13 \pm 1,89$ болса, тәжірибелік IV топта $22,55 \pm 1,78$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 2,50 %-ға тежелуі жүрген ($p > 0,05$). Бүйрек үсті безі гомогенатында антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі берді: қалыпты топта фермент белсенділігі $62,36 \pm 5,24$ болса, тәжірибелік IV топта $54,12 \pm 3,37$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 13,21 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Ал, бүйрек үсті безі гомогенатындағы келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $167,45 \pm 11,33$ болса, тәжірибелік IV топта $150,22 \pm 9,23$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 10,28 %-ға нақты түрде болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 6 Гр γ -сәуле әсерінің 90-шы күнінде шеткі қан лимфоциттерінде нақты түрде тежелу үдерісі жүргені анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферменті белсенділігі қалыпты топта $9,31 \pm 0,83$ болса, тәжірибелік IV топта $5,64 \pm 0,33$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 39,41 %-ға тежелуі жүрген ($p < 0,01$). Осы сериядағы жануарлардың шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйедегі маңызды ферменттердің бірі каталазаға келетін болсақ, тәжірибе сараптамасында мынадай көріністі алдық: қалыпты топта фермент белсенділігі $90,13 \pm 8,34$ болса, тәжірибелік IV топта $82,03 \pm 4,38$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 8,98 %-ға нақты болмаса да тежелгендігі жүрген ($p > 0,05$). Шеткі қан лимфоциттеріндегі келесі фермент глутатионпероксидазаға келетін болсақ, қалыпты топта фермент белсенділігі $431,82 \pm 37,23$ болса, тәжірибелік IV топта $335,07 \pm 24,24$ шамасында болған, яғни бұл ферменттің белсенділігі 22,40 %-ға нақты түрде тежелгендігі жүрген ($p < 0,05$).

Сонымен, алынған нәтижелер негізінде иондағыш сәуленің кейінгі мерзімі әсеріне ұшыраған жануарлардың иммунокомпетентті ағзаларында антиоксидантты жүйедегі ферменттер белсенділігінің тежелгені жүрген. Жоғары дозалы γ -сәуле әсерінің 7-і және 30-ы күндерінде жануарлардың зерттеуге алынған ағзаларында АОЖ ферменттері белсенділігі күрт төмендегені тіркелсе, ал, 90-ы күнінде, яғни, сәуле әсерінің кейінгі мерзімінде әсіресе каталаза ферменті белсенділігінің тежелуі сақталғаны анықталды.

	Зерттеу нысаны	Бақылау тобы (I топ)	Тәжірибе тобы (IV топ)
ГЛР	Бауыр	24,24±2,01	17,18±1,43 *
	Көкбауыр	36,13±3,13	29,86±1,31
	Л/түйіндер	26,09±2,14	20,34±1,87 *
	Айырша без	30,24±2,54	26,63±2,03
	Бүйрекүсті без	23,13±1,89	22,55±1,78
	Лимфоцит	9,31±0,83	5,64±0,33 **
ГЛП	Бауыр	166,13±14,47	151,32±11,27
	Көкбауыр	256,35±21,12	176,48±10,64 *
	Л/түйіндер	223,28±19,13	198,26±12,16
	Айырша без	117,68±8,57	109,24±8,37
	Бүйрекүсті без	167,45±11,33	150,22±9,23
	Лимфоцит	431,82±37,23	335,07±24,24 *
КТ	Бауыр	75,35±6,14	52,58±3,26 *
